17) кредит төлеу қабілеттілігі – Қарыз алушының болашақта және Шартта қарастырылған мерзімде кредит төлеу мүмкіндіктерін бағалауға, Кредит беруші алдында өзінің қарыздық міндеттері бойынша борышты өтеуге мүмкіндік беретін және кредит беру кезінде Қарыз алушының тәуекел дәрежесін анықтайтын сандық және сапалық көрсеткіштермен берілген кешенді құқықтық және қаржылық сипаттама. МҚҰ Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шешім қабылдағанға дейін Қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентін есептеуді жүзеге асырады;

18) аннуитетті төлем әдісі – микрокредитті өтеу әдісі, мұнда осы әдіс бойынша қарыздықты өтеу микрокредит бүкіл мерзім ішінде бірдей төлемдермен (тең төлемдермен), оған қоса негізгі қарыз бойынша ұлғаятын төлемдермен және кезең ішінде негізгі қарыздың қалдығына есептелінген сыйақы бойынша кемитін төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін;

19) сараланған төлемдер әдісі – микрокредитті өтеу әдісі, мұнда осы әдіс бойынша қарыздықты өтеу негізгі қарыз бойынша төлемдердің бірдей сомаларын және кезең ішінде негізгі қарыздың қалдығына есептелген сыйақы сомаларын қосатын кемитін төлемдермен жүзеге асырылады;

20) баламалы өтеу әдісі - Шарттың қолданылу мерзімінің соңында негізгі борышты өтеу;

21) микрокредит / қарыз – МҚҰ Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарымен анықталған мөлшерде және ретінде ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ұсынылатын ақша;

22) микрокредиттеу – шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және жеке тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған микрокредит беруді реттейтін процесс;

23) мониторинг – жеке микрокредитті / микрокредит портфелінің жай-күйін кезеңдік бақылау, қабылданған тәуекелдерді талдау және болжамдау;

24) МҚҰ – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтуімен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын «R-Finance» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, заңды тұлға;

25) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

26) Өтініш берушінің міндеттемелері – кредит беруді жүзеге асыратын МҚҰ және басқа да ұйымдардың алдында өтініш берушінің міндеттемелері бойынша айлық шығындар, сондай-ақ болжалды кредит (шағын кредит бойынша төлем) бойынша шығындар;

27) қамтамасыз ету – жиынтық құны ұсынылған микрокредиттің негізгі қарыз сомасынан кем емес кепіл нысанасы;

28) негізгі қарыз – Қарыз алушыға Шартқа сәйкес берілетін микрокредит сомасы;

29) бағалаушы - бағалаушылар палатасы берген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке тұлға;

30) төлем қабілеттілігі – Өтініш берушінің МҚҰ алдындағы міндеттемелерін мерзімінде немесе толық орындауы үшін экономикалық мүмкіндіктерінің бар болуы;

- 31) мерзімінен бұрын толық өтеу – Қарыз алушының МҚҰ алдындағы негізгі қарызын, ол бойынша есептелген сыйақыны, өсімпұлды және айыппұлды қоса алғанда, қарыздарын толық өтеуі;
- 32) проблемалық қарыз/микрокредит – 90 (тоқсан) және одан артық күнге кешіктіру есебіне шығарылған берешегі бар қарыз/микрокредит;
- 33) провизиялар (қорлар) – белгілі бір нақты қордың құнының шығындалу мүмкіндігін мойындау, ал шартты міндеттеме жағдайында – МҚҰ өзінің міндеттемелерін орындау мүмкіндігі немесе қорлардың жиынтығы бойынша шығындалу мүмкіндігін мойындау;
- 34) микрокредит беру бағдарламасы – МҚҰ клиенттерінің біртекті қажеттіліктерін экономикалық түрде қанағаттандыратын микрокредит беру мәселесін шешу үшін қалыптасқан қарыздар шартының (мерзім, сыйақы көлемі, мақсаты және т.б.) жиынтығы;
- 35) мерзімі өткен қарыз/микрокредит – мерзімі өту есебіне шығарылған берешегі бар қарыз/микрокредит;
- 36) Тәуекел менеджері – МҚҰ қызметкері, оның қызметтік міндеттеріне микрокредиттер портфелінің және МҚҰ жеке микрокредиттерінің тәуекелдерін басқару, соның ішінде тәуекелдерді талдау және саралау, сапасына мониторинг жасау және оларды төмендету бойынша іс-шараларды қалыптастыру кіреді;
- 37) қарау мерзімі – кредиттік өтінімді тіркеу сәтінен бастап өтінім бойынша шешім қабылдаған күнге дейінгі мерзім;
- 38) қамтамасыз ету құны – нарықтық құнынан (әділетті) оны жүзеге асыру (сату) мүмкіндіктерінің есебімен анықталатын ағымдағы сәтте кепілдікті қамтамасыз ету құны;
- 39) сауда ұйымы – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тауар сататын / немесе шарт бойынша жұмысты орындайтын немесе қызмет ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;
- 40) МҚҰ уәкілетті тұлғасы – МҚҰ-ның бекітілген басқарушы және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес және оған берілген уәкілеттілік шегінде микрокредит беру бойынша шешім қабылдайтын МҚҰ қызметкері;
- 41) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган
- 42) МҚҰ фронт-офис бөлімшесі – МҚҰ құрылымдық бөлімшесі, оның негізгі функциясы осы Ережелерге сәйкес клиенттерді кредит алуға тарту және олармен шарт жасау болып табылады;
- 43) мақсатты микрокредит – жасалған Шартқа сәйкес белгілі бір мақсаттарда он Қарыз алушының қолдану талаптарымен берілген микрокредит;
- 44) ішінара мерзімінен бұрын өтеу – Қарыз алушы микрокредит бойынша негізгі қарызының бір бөлігін ғана және сол кезең ішінде есептелген сыйақыны өтеу.

2-тарау. Микрокредит беруге қойылатын жалпы талаптар

§1. Қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар

6. МҚҰ-ның Қарыз алушылары бола алады:
- 1) Заңды тұлғалар:

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және әрекет ететін;
- микрокредит алу үшін өтініш жасаған күні қайта ұйымдастыру, тарату немесе банкротқа ұшырау процедуралары өткізілмейтін және мүлігіне тыйым салынбаған немесе жазаға тартылмаған.

2) Жеке тұлғалар:

- Қазақстан Республикасының резиденттері;
- тұруға рұқсаты бар шетелдік азаматтар;
- егер бағдарлама бойынша басқа талаптар қойылмаса, Өтінішті ресімдеу сәтінде жасы 21-ден асқан және 68-тен аспаған тұлғалар;
- тұрақты табыс көзі бар;
- аталған табысын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын/ зейнетақы жарналарын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді тұрақты аударатынын растауға мүмкіндігі бар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ету қабілеттілігі шектелмеген.

§2. Микрокредит беру талаптары

7. МҚҰ Микрокредитті ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен және мақсатты пайдалану үшін береді (кезінде мақсатты микрокредит беру).

8. МҚҰ Микрокредитті Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен береді.

9. МҚҰ беретін микрокредиттер бойынша төмендегі шекті талаптар қойылады:

1-кесте

Талап	Сипаттамасы
1) Микрокредит берудің шекті мерзімі	Ең қысқа мерзім: 1 (бір) күн Ең ұзын мерзім: 5 (бес) жыл
2) Микрокредит берудің шекті сомалары	Ең аз сома: 1 (бір) теңге Ең көп сома: бір Қарыз алушыға Республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) мөлшерінде
3) Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің шекті шамасы	Ең жоғарғы мөлшерлеме -жылдық 56% (елу алты пайыз)
4) Ереженің 66-тармағында көзделген шарт бойынша сыйақының шекті мәні	Ең жоғары мөлшері берілген микрокредит сомасының 30% (отыз пайызы)

10. МҚҰ Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімпұлдардың) мөлшерін белгілейді.

11. Микрокредит беру күні мен бірінші жоспарлық төлем жасау күніне дейінгі мерзім 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспауы тиіс. Соңғы жоспарлық төлем жасау күні Шартпен келісілген Микрокредитті толық өтеу күнінен ерте орнатылуы қажет.

12. Мақсаттық микрокредиттер:

1) заңды тұлғалар үшін:

- айналым қаражаттарын толықтыру үшін;
- жабдықтар сатып алу үшін;
- жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмеген мақсаттардан басқа;

2) жеке тұлғалар үшін:

- халық тұтынатын тауарларды сатып алу үшін;
- оқыту ақысын төлеу үшін;
- медициналық қызмет көрсету үшін;
- туристік саяхаттар үшін;
- тойларды өткізу үшін;
- жөндеу жұмыстары мен құрылыс үшін;
- микроқаржы қызметін жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктердегі және ұйымдардағы қолданыстағы берешекті қайта қаржыландыруға.

13. Микрокредитті толық өтеуге, сондай-ақ ішінара мерзімінен бұрын өтеуге рұқсат етіледі. Мерзімінен бұрын өтеу Осы Ережелердің 7-тарауының §4 көрсетілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

§3. МҚҰ қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

14. МҚҰ микрокредитті қамтамасыз ету ретінде:

- 1) жер телімі;
- 2) тұрғын үй қорының жылжымайтын мүлік объектілері;
- 3) тұрғын емес жылжымайтын мүлік (өндірістік, қоймалық, саудалық, әкімшілік ғимараттар);
- 4) құрылғылар;
- 5) көлік құралдары;
- 6) тауарлар;
- 7) кепілдік/кепілгерлік;
- 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепіл ретінде алынатын басқа да мүліктер алынады.

15. Микрокредитті қамтамасыз ету ретінде алынған кепілдегі мүлік төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) мүлікке және мүліктік құқыққа Кепіл берушінің құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқасының болуы;
- 2) қамтамасыз ету ретінде алынған мүлікті бағалау құжаттарының болуы;
- 3) мүлік және мүліктік құқықтар өтімді болуы тиіс;
- 4) мүлік және мүліктік құқықтар үшінші тұлғалардың құқығынан және заңды әрекеттенуден бос болуы қажет;

- 5) Кепіл берушінің кепілге қойылған мүлікке қатысты бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешегі болмауы қажет;
- 6) МҚҰ талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кепіл беруші/Қарыз алушы мүлікті сақтандырады;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда кепіл ретінде алынатын мүлік құқығы осы мүлік құқығын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс;
- 8) кепілге алынған мүліктің сақталуын және оны күту (сақтау) талаптарының қамтамасыз етілуін Кепіл беруші жүзеге асырады.
16. Қарыз алушы мен Кепіл беруші дербес жеке және заңды тұлғалар болуы мүмкін.
17. Қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін өз мүлігін кепілге қоюға ниет білдірген Қарыз алушы немесе үшінші тұлға Кепіл беруші болуы мүмкін.
18. МҚҰ кепілдік құқығы Мүлік кепілі туралы шарт негізінде пайда болады және Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда МҚҰ ұйымына кепілге алынған мүліктің құнынан өтемақы алу құқығын береді. МҚҰ жасаған Мүлік кепіл туралы шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талаптардан басқа кепілге алынған мүлік тараптардың қайсысында болатындығына сілтеме жасалуы, оны пайдалану мүмкіндігі, кепілге алынған мүлікке мониторинг жүргізу мерзімділігі, Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда Кепіл алушының кепілге алынған мүлікті соттан тыс пайдалану құқығы және басқа да талаптар қамтылуы тиіс.
19. Қарыз алушы мүлік кепілдігімен жасалған Микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кепілге алынған мүлікті өндіріп алу құқығына ие.
20. Қамтамасыз ету мүлігінің түріне байланысты кепілге алынған мүлікті мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеу органдарында жүзеге асырылады.

3-тарау. Микрокредит беру тәртібі

§1. Микрокредит беру кезеңдері

21. Микрокредит беруді МҚҰ ұйымы келесі тәртіппен жүзеге асырады:
 - 1) Клиентке кеңес беру;
 - 2) Клиентті алдын ала дәрежелелеу;
 - 3) Микрокредит беру туралы өтінішті ресімдеу;
 - 4) Өтінішті қарау үшін Арыз берушінің қажетті құжаттарды ұсынуы;
 - 5) өтініш берушінің кредит қабілеттілігін бағалау және борыштық жүктеме коэффициентін есептеу, сондай-ақ мына тәуекелдерді бағалау: кредиттік, заңдық және қауіпсіздік;
 - 6) кепілдік қамтамасыз етуді бағалау (бар болса);
 - 7) уәкілетті органның немесе МҚҰ уәкілетті органының микрокредитті беру туралы шешім қабылдауы;

8) Микрокредит беру туралы шарт Төлемдерді өтеу кестесі, Мүлік кепілі туралы шарт (кепілдік қамтамасыз ету бар болса) және басқа да құжаттармен бірге Қазақстан Республикасының заңнамаларына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жасау;

9) Кепілге алынған мүлікке ауыртпалық салу және егер Мүлік кепілі туралы шартта қарастырылатын болса, мүлік объектісін тіркеу жері бойынша мәміле жасау;

10) Микрокредит беру.

§2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және заңды тұлғалар үшін оны қарастыру тәртібі

22. Кредиттік процесс Клиентке кеңес беруден басталады. Осы кезеңде Клиентке микрокредит туралы келесі ақпарат беріледі:

1) Микрокредитті беру ережелерінің негізгі қағидалары, соның ішінде:

- микрокредит беру тәртібі;

- микрокредит алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлем жасау тәртібі;

- Арыз берушінің және МҚҰ құқықтары мен міндеттері;

- Микрокредит беру құпиясы;

2) микрокредит талаптары;

3) микрокредит беру тәртібі мен шарттарына қатысты басқа да қажетті ақпараттар.

23. Алдын ала дәрежелеу барысында МҚҰ кредиттік маманы:

1) Арыз беруші туралы және сұралған Микрокредитті өтеу көздері туралы ақпаратты, қарызды алу мақсаты, кепілдер мен қамтамасыз етулер (бар болса) және басқа да ақпаратты жинайды;

2) Арыз берушіге алдын ала дәрежелеу микрокредит беруге негіз болмайтынын, Микрокредит алуға берілген өтініш бойынша шешім қорытындысы және Арыз берушінің төлем қабілеттілігі мен кредит қабілеттілігі жөнінде ұсынған ақпараттарды тексеру нәтижесі бойынша қабылданатынын хабарлайды;

3) алынған мәліметтер негізінде алдын ала соманы, Микрокредит мерзімін және ай сайынғы төлем мөлшерін анықтайды.

24. Алдын ала дәрежелеуден өткен және ұсынылған шарттар бойынша микрокредит алуға келісім берген Арыз беруші оған микрокредит беру мүмкіндігі туралы ақпаратты растау үшін МҚҰ ұйымына ұсынуға қажетті құжаттар тізімін алады.

25. Арыз беруші Кредиттік маманға келесі құжаттарды тапсырады:

1) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы ақпараты бар Микрокредит беруге өтініш (мақсаттық кредит беру жағдайында), микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ететін мүлік туралы өтініш;

2) Арыз беруші – заңды тұлға органының микрокредит алу туралы шешімі;

3) Арыз берушінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін кепіл затты ұсынуына Кепіл беруші – заңды тұлға органының шешімі;

4) Арыз берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері;

5) Арыз беруші өкілінің шартқа қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар;

6) егер берілген микрокредит мүліктік кепілмен қамтамасыз етілген жағдайда – Мүлік кепіл туралы шарт, мүлікке меншіктік құқықты растайтын құжаттар көшірмелері, ал мүліктік кепілді міндетті түрде тіркеу жағдайда – мүліктік кепілді тіркеу фактісін растайтын құжаттар;

7) МҚҰ ішкі нормативтік және жарғылық құжаттарына сәйкес Микрокредит ұсыну туралы шешімді қабылдау үшін Арыз берушінің басқа құжаттары (бухгалтерлік теңгерім, пайда және шығын туралы есептеме және т.б.).

26. Міндеттемелерін орындау кепілмен немесе шартпен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша Арыз беруші келесі қосымша құжаттарды ұсынады:

1) Кепіл туралы шарт;

2) Кепілгер атынан немесе Кепілдік берушінің атынан Кепіл туралы шартқа қол қоятын өкілдің уәкілеттігін растайтын құжаттар;

3) Кепілгер немесе Кепіл беруші органының – заңды тұлғаның Арыз берушінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін кепілді немесе кепілдемені беру туралы шешімі.

27. МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Арыз беруші Қарыз алушы бойынша ақпаратты Кредиттік бюродан (-ға) алу-ұсыну туралы келісімнің нысанын, қажет болған жағдайда, қосымша құжаттарды толтырады.

28. Арыз беруші бойынша осы Ережелердің 25-27 тарауларында көрсетілген құжаттардан тұратын Кредиттік пакет қалыптастырылады.

29. Кредиттік пакеттің негізінде төмендегілер дайындалады:

2-кесте

№	Құжаттар	МҚҰ қызметкерінің лауазымы
1)	Кредиттік сараптау	Кредиттік маман
2)	Қорытынды	Қаржылық талдау білімі бар, Ірі Кредит Комитетінің мүшесі
3)	Заңды қорытынды	Заңгер
4)	Қауіпсіздік қызметінің қорытындысы	Қауіпсіздік бойынша маман

30. Кепілдік қамтамасыз ету бар болған жағдайда, бағалаушы кепілдік қамтамасыз етуді бағалайды. Қорытынды кепілге алынған мүліктің бағасы туралы есепте көрсетіледі және Арыз берушінің құжаттар пакетіне қосылады.

31. Микрокредит беру бойынша шешімді уәкілетті орган және/немесе МҚҰ-ның уәкілетті органы қабылдайды.

32. МҚҰ-ның уәкілетті органының құрамы МҚҰ Директоры бұйрығымен тағайындалады және оның іс- әрекеті МҚҰ ішкі құжаттарымен реттеледі. Микрокредит беру бойынша шешім қабылдауға уәкілетті тұлға МҚҰ Директоры бұйрығымен тағайындалады.

33. Уәкілетті орган және/немесе МҚҰ уәкілетті органы өтінім бойынша оң шешім қабылдаған кезде Кредиттік маман Арыз берушіге МҚҰ ұйымы қабылдаған соманы

және микрокредит мерзімін хабарлайды. Қабылданған сома және микрокредит мерзімі Клиент сұрау салған сома мен мерзімге сәйкес келмеуі мүмкін. Егер Арыз беруші микрокредит беру шарттарымен келіссе, МҚҰ Қарыз алушымен өтеу кестесі (осы Ережелердің 3-тарауының §5 көрсетілген тәртіп бойынша) және Мүлік кепілі туралы шарт (кепілдік қамтамасыз ету бар болғанда) пен басқа да қажетті құжаттары бар Шартты жасайды.

34. Қажет болған жағдайда, кепілге алынған мүлікке ауыртпалық салу үшін Мүлік кепілі туралы шарт тіркеу органдарында тіркеледі.

35. Кепілдік ретінде ұсынылатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікке қойылатын талаптар ретінде МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасына және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес оны сақтандырудың қажеттілігін анықтау мүмкін. Сақтандыру сомасының алушысы (пайда алушы) МҚҰ болып тағайындалады. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру шарты бойынша Арыз берушіде кепілдік затты сұрау құқығы МҚҰ бас тартқан кезінде пайда болады. Егер сақтандыру төлемақысы кепілдемемен қамсыздандырылған міндеттіліктің сомасынан артық болса, онда оны алудың сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кепіл берушіге айырмасын аударуы тиіс.

36. Өтінім бойынша МҚҰ уәкілетті органының немесе уәкілетті тұлғасының теріс шешімі кезінде Кредиттік маман Өтініш берушіге микрокредитті беруден бас тарту туралы ақпарат береді.

Өтінімге бас тартқан жағдайда кредиттік буманың құрамына кіретін құжаттар МҚҰ 1 (бір) жыл ішінде сақталады, келесі құжаттарды қоспағанда: сақтау мерзімі 10 (он) жылды құрайтын Өтініш берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері, кредит тарихы субъектісінің кредиттік бюрода ол туралы мәліметтерді алуға келісімі және кредит тарихы субъектісінің кредиттік бюролардың кредит тарихы субъектісі туралы есепті беруіне келісімі.

§3. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және жеке тұлғалар үшін оны қарастыру тәртібі

37. Арыз беруші МҚҰ жүгінген жағдайда Кредиттік маман оған кеңес береді, ол кезде Арыз берушіге микрокредит беру туралы келесі ақпарат беріледі, дәлірек айтқанда:

- 1) Микрокредит беру ережелерінің негізгі қағидалары туралы, соның ішінде:
 - Микрокредит беру тәртібі;
 - Микрокредит алумен, қызмет көрсету және өтеумен (қайтару) байланысты төлемақы тәртібі;
 - Арыз берушінің, Қарыз алушының және МҚҰ құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;
 - Микрокредит беру құпиялылығы;

2) микрокредит беру бағдарламасының шарттары туралы ақпарат;

Сондай-ақ микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы басқа ақпараттар.

38. Арыз беруші микрокредит алу үшін МҚҰ жүгінген кезде әрекет ету қабілеттілігінің шектелмегендігін, бақылау, күту патронаж қарауында болмағанын, Микрокредит беру туралы шарттың мәнін және жағдайын түсінуге бөгет жасай алатын сырқаттармен ауырмайтынын растайды.

39. Кредиттік маман ең алдымен алдын ала дәрежелену жүргізеді, одан кейін Арыз беруші туралы және сұралған микрокредитті өтеудің мүмкін болатын көздері туралы ақпаратты, қарызды алу мақсаты туралы, кепіл және қамсыздандырудың басқа да пішіндері туралы (бар болса) ақпаратты және басқа да ақпаратты жинайды. Алынған ақпараттың негізінде Кредиттік маман алдын ала микрокредит сомасын, мерзімін және ай сайынғы төлем мөлшерін анықтайды.

40. Кредиттік маман алдын ала дәрежелену микрокредитті міндетті түрде мақұлдауды болжай алмайды, және де Микрокредит беру туралы шешім Арыз берушінің төлем қабілеттілігі және несие қабілеттілігі туралы ұсынған ақпаратты тексеру және бағалау негізінде қабылданатыны туралы мәлімдейді.

41. Арыз берушіні алдын ала дәрежелену бойынша оң шешім қабылданса және Арыз беруші ұсынылған шарттар бойынша микрокредит алуға келісім білдірген жағдайда Кредиттік маман келесі құжаттарды сұрайды:

- 1) Арыз берушінің жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) Арыз беруші өкілінің Шартқа қол қою өкілеттігін растайтын құжаттар;
- 3) Егер берілген микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда, мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілдігін міндетті түрде тіркеген жағдайда – мүлік кепілдігін тіркеу фактісін растайтын құжаттар;

4) Өтініш берушінің борыштық жүктеме коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат;

5) МҚҰ ішкі нормативтік және жарғылық құжаттарына сәйкес және несиелендірудің таңдалған бағдарламасының шарттарына байланысты Микрокредит ұсыну туралы шешімді қабылдау үшін Арыз берушінің басқа құжаттары.

42. Арыз беруші Кредиттік маманға осы құжаттарды береді, өзі туралы ақпаратты және өзінің байланыс мәліметтерін хабарлайды. Бағдарламада талап етілсе, Арыз беруші онымен байланысқан тұлғалардың байланыс мәліметтерін береді.

43. Қажетті құжаттарды алғаннан кейін Кредиттік маман Микрокредит ұсыну өтінішіне мәліметтерді электронды түрде енгізеді және басып шығарады. Өтініште микрокредитті пайдалану мақсаты (нысаналы микрокредит берілген жағдайда), Өтініш берушінің микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге берілетін мүлік туралы, оның құны көрсетілген, не қамтамасыз етудің жоқтығы туралы мәліметтер, микрокредит сомасы мен мерзімі көрсетілуі тиіс.

44. Кредиттік маман МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес Арыз беруші Қарыз алушы бойынша ақпаратты ұйымға/ұйымнан кредиттік бюродан алуына туралы келісімнің нысанын, сондай-ақ қажет болған жағдайда қосымша құжаттарын басып шығарады.

45. Кредиттік маман Клиентке Өтінішті және осы Ережелердің 44-тармағында көрсетілген құжаттар нысанын береді. Арыз беруші Өтінішке бұрыштама қояды, құжаттардың көрсетілген нысаналарын толтырады және оларды Кредиттік маманға қайтарады.

46. МҚҰ Кредиттік маманы осы Ережелердің 41, 44, 45-тармақтарында айқындалған құжаттар қосымшалары бар қарастырылатын Өтінішке Кредиттік пакеті қалыптастырады.

47. Егер Арыз беруші Кепілдік қамтамасыз етуді ұсынуды жоспарласа, онда оны бағалау бағалаушымен немесе тараптардың келісімі бойынша-кредиттік маман

бағалаушымен жүзеге асырылады. Кепілге алынған мүлікті бағалау туралы есеп Кредиттік пакеттің құрамына кіруі тиіс.

48. Арыз беруші туралы мәліметтердің негізінде Кредиттік скоринг жүйесімен оның несие қабілеттілігін бағалау жүзеге асырылады.

49. Өтініш берушінің қаржылық жағдайы туралы деректер негізінде МҚҰ оның төлем қабілеттілігін бағалау жүзеге асырылады және қарыз жүктемесінің коэффициенті және микрокредит берудің барынша мүмкін сомасы есептеледі.

50. Талдау нәтижелері бойынша мақұлдау қарыз қайтарылмаудың қолайлы тәуекелі бар өтінімдерді және МҚҰ-ның уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентінің шекті мәнін және есептеу тәртібін сақтаған кезде микрокредиттің барынша мүмкін сомасы шегінде алады.

Қарызды қайтармаудың қолайлы тәуекел деңгейін МҚҰ уәкілетті органы айқындайды.

51. Кредиттік скоринг арқылы өту кезінде бас тарту алған қалған өтінімдер, сондайақ кредиттік скоринг бойынша микрокредиттің ең жоғары ықтимал сомасынан асатын сомаға өтінімдер уәкілетті органның және/немесе МҚҰ уәкілетті тұлғасының қосымша қарауына жіберілуі мүмкін, оның қызметі МҚҰ өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі және өтінімді қарау кезінде МҚҰ Өтініш берушінің қаржылық жағдайы туралы деректерден және оның төлем қабілеттілігін бағалаудан, оның ішінде борыштық жүктеме коэффициентінің шегі.

52. Кредиттік өтінімді мақұлдау жағдайында Несие маманы Арыз берушіге МҚҰ ұйымымен орнатылған соманы және Микрокредит мерзімін мәлімдейді, олар Клиенттің сұраған сомасы мен мерзімімен сәйкес келмеуі мүмкін.

53. Егер арыз беруші микрокредитлендіру шарттарымен келіссе, МҚҰ Қарыз алушымен өтеу кестесі (осы Ережелердің 3-тарауының §5 көрсетілген тәртібінде) және Мүлік кепілі туралы шарт (Кепілдік қамтамасыз ету бар болғанда) және басқа да қажетті құжаттары бар Шартты жасайды.

54. Мүлік кепілі туралы қол қойылған Шарт қажет болған жағдайда тіркеу органдарына кепілге алынған мүлікке ауыртпалық түсіру затына тіркеледі.

55. Кепілдік ретінде ұсынылатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікке қойылатын талаптар ретінде МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарна сәйкес оны сақтандырудың қажеттілігін анықтау мүмкін. Сақтандыру сомасының алушысы (пайда алушы) МҚҰ болып тағайындалады. Сақтандыру жағдайы пайда болған кезде Сақтандыру шарты бойынша Арыз берушіде кепілдеген затты сұрау құқығы МҚҰ бас тартқан кезінде пайда болады. Егер сақтандыру төлемақысы кепілдемемен қамсыздандырылған міндеттіліктің сомасынан артық болса, онда оны алудың сәтінен 3 (үш) жұмыс күннің ішінде Кепіл берушіге айырмасын аударуы тиіс.

56. Өтінім бойынша МҚҰ уәкілетті органының немесе уәкілетті тұлғасының теріс шешімі кезінде Кредиттік маман Өтініш берушіге микрокредитті беруден бас тарту туралы ақпарат береді.

Қабылданбаған өтінімдер бойынша кредиттік пакетке кіретін құжаттар МҚҰ 1 (бір) жыл бойы сақталады, келесі құжаттардан басқа: өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, кредиттік бюролардан / «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан ақпарат алуға келісім, кредиттік тарих субъектісінің ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға ұсынуға келісімі және кредиттік тарих

субъектісінің кредиттік бюроның кредиттік тарих субъектісі туралы есепті беруі туралы келісімі, олардың сақталу мерзімі 10 (он) жылды құрайды.

§4. Микрокредит беруден бас тарту себептері

57. МҚҰ келесі себептердің бар болу жағдайында Микрокредит беруден бас тартады:
- 1) Микрокредит беру шарттары орындалмаған;
 - 2) Арыз беруші осы Ережелердің 2-тарауының §1 көрсетілген талаптарына сәйкес келмейді;
 - 3) Арыз берушімен қажетті құжаттар ұсынылмаған;
 - 4) Арыз берушімен толымсыз немесе күмәнді ақпарат берілген;
 - 5) Арыз берушінің беделі және қаржылық күйі туралы жағымсыз ақпарат алынды;
 - 6) Арыз берушінің жағымсыз Кредиттік тарихының болуы;
 - 7) Арыз берушінің өтелмеген сотталғандығының (жүгіну күніне соттық іс қарауының) болуы;
 - 8) Қарыз алушының төлем қабілеттігі микрокредитке қызмет көрсету үшін жеткілікті болмаса;
 - 9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген Қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің шекті мәні асып кеткен кезде;
 - 10) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.
58. Бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайында МҚҰ Кредиттік маманы осы фактіні өтінімде себеппен бірге белгілейді.
59. МҚҰ Кредиттік маманы Микрокредит беруге бағытталған өтінімді қарастыру нәтижесін Арыз берушіге міндетті түрде мәлімдейді.

§5. Микрокредит беру туралы шартты жасау тәртібі

60. Шартты ресімдеу кезінде МҚҰ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен басшылық етеді.
61. Микрокредит беру туралы шарт мәміленің жазбаша нысанына Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып жасалады.
62. Кредиттік бюро және Кредиттік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының белгілі заңнамасының шарттарында МҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы жасалған Шарты бойынша ақпарат Кредиттік бюроға тапсырылады.
63. Шартқа келесі кіреді:
- 1) Шарттың жасалған күнін;
 - 2) МҚҰ атауы және Қарыз алушы (қосалқы қарыз алушының) – жеке тұлғаның аты-жөні, әкесінің аты (бар болса) немесе Қарыз алушы (қосалқы қарыз алушының) – заңды тұлғаның атауы;
 - 3) микрокредит сомасы;
 - 4) нысаналы микрокредит беруілген микрокредиттің мақсатын;
 - 5) Микрокредитті өтеу мерзімдері;

6) Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы микрокредит беру қағидаларында белгіленген тәртіппен есептелген жылдық сыйақы мөлшерлемесінің және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құны) мөлшері. Ереженің 66-тармағында көрсетілген шарт қосымша сыйақы мәнін және микрокредит бойынша артық төлеу сомасын қамтиды;

7) Микрокредитті өтеудің тәсілі (ақшалай және (немесе) ақшасыз тәртіпте, біржолата немесе бөлек);

8) осы Ережелердің 7-тарауының §1 анықталған Микрокредитті өтеудің әдісі;

9) микрокредит бойынша берешекті өндіріп алу кезектілігі;

10) негізгі борышты уақтылы өтемеу және сыйақы төлеу үшін тұрақсыздық айыбын

(айыппұл, өсімақы) есептеу тәртібі және мөлшері;

11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамсыздандыру (бар болса);

12) Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда МҚҰ қабылдайтын шараларды;

13) Шарттың қолданылу мерзімін;

14) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

15) МҚҰ пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (ол болса) туралы деректерді;

16) МҚҰ-ға шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен МҚҰ-ның шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының құқығы

(талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынасына қолданылады;

17) МҚҰ үшін шектеулер;

18) Шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шарттар қамтылады.

64. Шартқа Шарттың екі тарабы қол қойған Микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі, ол Шартта белгіленген Микрокредитті өтеу әдістерінің негізінде, негізгі қарызды және сыйақыны өтеудің орнатылған мерзімділікпен құрылады.

65. Келісім Шартқа өзгертулер мен толықтырулар тараптардың келісуімен және жазбаша түрде қосымша келісім шартпен жасалынады.

66. Жеке тұлғамен күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге жасалған, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 (елу) еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредит беру туралы шарт бойынша осы Ереженің 9-тармағының 3) тармақшасында белгіленген талап шарт мынадай талаптарға сәйкес келген кезде қолданылмайды:

1) шарт бойынша сыйақы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген және осы Ереженің 9-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шекті мәннен аспайды;

2) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың)

мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан аспауға тиіс;

3) микрокредит нысанасын қоспағанда, шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдері жиынтығында шарт қолданылуының барлық кезеңінде берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс;

4) Шартта микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынған;

5) тараптардың келісімі бойынша шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартатын жағдайларда ұлғайтылуы мүмкін.

§6. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері

67. МҚҰ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді:

1) Шарт жасалған күні, Шартқа қосымша келісімдер;

2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) Қарыз алушының ақшалай міндеттемелердің сомасының және (немесе) оларды төлеу мерзімдерінің өзгеруіне әкелетін Шартқа қосымша келісімді жасау жолымен шартқа өзгерістер мен қосымшаларды енгізу жағдайында жүргізеді.

68. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит беру туралы Шарттың талаптары өзгерген кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу Микрокредит беру туралы Шарттың қолданылу мерзімі басталғанда Қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдер ескерілмей, талаптары өзгертілетін күнгі Микрокредитті өтеудің қалған мерзіміндегі берешек қалдығына қарай жүргізіледі.

69. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талап етулерді) беру кезінде Ереженің 67-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талап етулер) берілген үшінші тұлға жүргізеді.

70. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда: n-қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі; j-қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі; S_j-қарыз алушыға j төлем сомасы; APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі; t_j-микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен); m-қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі; i-қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі; P_i-қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы; t_i-микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының I-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

71. Егер жылдық тиімді сыйақы ставкасын есептеу кезінде алынған санда бір ондық белгіден артық болса, ол ондық үлеске дейін мынадай түрде дөңгелектеуге жатады:

- 1) Егер жүздік үлес 5-тен артық немесе тең болса, оныншы үлес 1-ге ұлғаяды, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;
- 2) Егер жүздік үлес 5-тен аз болса, оныншы үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

72. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерді (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

73. Қарыз алушылардың МҚҰ жүргізілген төлемдері және МҚҰ қарыз алушыларға төлемдері сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу мақсатында олар нақты төленген күнге, болашақтағылары - төлемдер графигі бойынша есепке алынады.

§7. Микрокредит беру

74. Микрокредит беруді МҚҰ бухгалтерлік есеп бөлімшесі Қарыз алушымен шарт жасасқаннан кейін ғана және Қарыз алушының жеке банктік шотына/картасына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы немесе қолма-қол ақшамен «Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы жүзеге асырады.

§8. Кредиттік құжаттаманы қалыптастыру

75. МҚҰ әрбір берілген Микрокредит жүргізілуі электрондық түрде жүзеге асырылатын Қарыз алушылардың тіркеу журналында тіркейді.

76. Кредиттік құжаттама Қарыз алушы ХҚҰ-да бірінші шартқа қол қойған күннен бастап қалыптастырылады. Кредиттік құжаттама қағаз тасығышта және (немесе) электрондық түрде қалыптастырылады.

77. Кредиттік құжаттамада келесі құжаттар болуы қажет:

1) Микрокредит беруге Өтініш/микрокредитті пайдалану мақсаттары (мақсатты микрокредит берілгенде) туралы, құны көрсетілген Қарыз алушының микрокредитті өтеу және сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге берілген мүлік туралы немесе қамсыздандырудың жоқтығы туралы мәліметтер бар өтініш;

2) заңды тұлға - Қарыз алушының өкілетті органының микрокредит алу шешімі;

3) заңды тұлға – кепіл берушінің өкілетті органының Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге кепіл нысанасын беру шешімі;

4) Қарыз алушының құрылтай құжаттарының көшірмелері (заңды тұлғалар үшін);

5) Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

6) Қарыз алушы өкілінің микрокредит беру туралы шартқа қол қою өкілеттігін растайтын құжаттар;

7) Микрокредит беру туралы шарт;

8) микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдер;

9) тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі;

10) егер берілген микрокредит Мүлік кепілімен қамтамасыз етілген жағдайда – Кепіл туралы шарт, мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері, ал мүлік кепілін міндетті түрде тіркеген жағдайда – мүлік кепілінің тіркелу фактісін растайтын куәлік;

11) кредит тарихы субъектісінің кредиттік бюрода ол туралы мәліметтерді алуға келісімі;

12) кредит тарихы субъектісінің кредиттік бюролардың кредит тарихы субъектісі туралы есепті беруіне келісімі;

13) Қарыз алушының кредиттік бюродан / «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан оның кірістері туралы ақпарат алуға келісімі (жеке тұлғаға кредит берген жағдайда);

14) Қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентін есептеу үшін қажетті құжаттар мен ақпарат (жеке тұлғаға кредит берген жағдайда);

15) жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу (бар болса)

(ереженің 66-тармағында көрсетілген шарттар бойынша);

16) МҚҰ мен қарыз алушы арасындағы хат алмасу (ереженің 66-тармағында көрсетілген шарттар бойынша);

17) микрокредитті өтеу көзін көрсететін Шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгенін растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері) (Қарыз алушы аударған не кепілге салынған мүлікті сатудан түскен ақша).

78. Міндеттеменің орындалуы кепілдікпен немесе кепілдемемен қамтамасыз етілген шағы несие бойынша Кредиттік құжаттамаға мынадай қосымша құжаттар қоса беріледі:

1) кепілдік немесе кепілдеме шарты;

2) кепіл атынан кепілдік беру туралы шартына немесе кепілдеме беруші атынан кепілдеме шартына қол қоятын өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттар;

3) кепілгер немесе кепіл беруші – заңды тұлғаның Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуде кепілді беру туралы шешімі.

79. Кредиттік құжаттама Қарыз алушының санатына және/немесе микрокредиттің мақсатты арналуына тәуелді осы Ережелерде, сонымен қатар МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында көрсетілген басқа құжаттардан да тұруы мүмкін.

80. Қарыз алушымен өзара қарым-қатынас аяқталғаннан кейін кредиттік құжаттама сақтауға жіберіледі. Сақтау МҚҰ-да жүзеге асырылады. Қарыз алушылардың кредиттік құжаттаманың сақтау мерзімі Қарыз алушының Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындаудан кейін және МҚҰ соңғы ақпаратты кредиттік бюроларға берген күннен кейін 10 (он) жылды құрайды.

81. Электрондық түрдегі құжаттар қалыптастырылған, жіберілген немесе алынған форматта сақталады.

4-тарау. Мониторинг. Шарт талаптарының орындалуын бақылау

82. Микрокредит беруден кейін және Шартының шегінде Қарыз алушының міндеттемелерін толық орындау кезіне дейін жылдам шешімді қабылдау жолымен және ықтимал шығындарды жою бойынша қажетті шараларды

ұйымдастыру жолымен микрокредиттендіру тәуекелдерін анықтау және азайту мақсатымен МҚҰ жүйелі түрде шарт талаптарының орындалуын бақылауын қосатын мониторингті өткізеді.

83. Мониторингті өткізу процесі келесі бағыттарда жүргізілуі мүмкін:

- 1) Қарыз алушының қаржылық күйінің мониторингі;
- 2) Микрокредит мақсатты түрде пайдаланудың мониторингі;
- 3) микрокредит бойынша қамсыздандыруды (бар болса) қамтамасыз ету; 4) мерзімі өткен төлемдерді өтеудің мониторингі.

84. Микрокредит мониторингі МҚҰ жауапты маманының келесі іс-әрекеттерін қамтуы мүмкін:

- 1) Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін микро-және макроэкономикалық жағдай, құқықтық өріс, нарық конъюктурасының және басқа да факторларының дамуы есебімен Қарыз алушының әрекетін бақылау;
- 2) Қарыз алушымен байланысты үзбеу;
- 3) Қарыз алушының қаржылық күйін бақылау;
- 4) қаржыландырылатын жобаны, Кредиттік қаражаттарын мақсатты түрде пайдалануды жүзеге асыруды талдау;
- 5) өте маңызды қаржы ақпаратты және құжаттарды жинақтау;
- 6) Қарыз алушыда пайда болған есептен жаңылысты, қателерді және проблемаларды анықтау;
- 7) проблемаларды шешу жолдарын іздеу.

85. Қарыз алушының қаржылық күйінің мониторингі оның ағымдағы төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігінің талдауы негізінде микрокредит бойынша жүйелі түрде, өз уақытында және толық көлемде төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндігін бағалау болып табылады.

86. Микрокредит мақсатты түрде пайдаланудың мониторингі жүргізіледі:

- 1) Несиені ресімдеуге ұсынылған құжаттарды, қаражаттарды пайдалану туралы есептерді және Шарамен қарастырылған басқа да құжаттарды бақылау;
- 2) Сатып алу жерлерде және Микрокредит мақсатын орындау шегінде қарызға алынған ақша сатып алуға бағытталған объектілердің орналасуын бақылау.

87. Микрокредит бойынша Кепілдік қамтамасыз ету бар болғанда оның мониторингі кепіл затының бар болуын және ағымдағы күйін тұрақты бақылайды.

88. Кепілдік қамтамасыз етудің мониторингі кепілге алынған мүліктің бар болуын орнату мақсатымен, сондай-ақ кепілдік затының құнын өзгертін факторларды орнату мақсатымен жүзеге асырылады, мысалы, кепіл затының жайының нашарлауы және өтімділігінің төмендеуі.

89. Кепілдік қамтамасыз етудің мониторингі микрокредит бойынша кепілдік затты қамсыздандыруға қабылдау сәтінен берілген микрокредит бойынша міндеттемелерді тоқтату сәтіне дейін жүргізіледі.

90. Мерзімі өткен берешектердің мониторингі осы Ережелердің 6-тарауында регламенттелген мерзімі өткен берешектерді қайтару бойынша шараларды орындайды.

5-тарау. Микрокредит берудің қолданыстағы шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі

91. Микрокредит беру туралы Шарты бойынша қолданыстағы талаптарға өзгерістерді енгізу Қарыз алушының жазбаша сұранысы негізінде ерікті пішінде сұралатын өзгерістерді және олардың себептерін міндетті түрде белгілеумен жүргізіледі.

92. Қарыз алушы МҚҰ ұйымына несиелендіру шарттарын өзгерту туралы сұранысымен жүктелген кезінде осы мәселені шешу МҚҰ өкілетті органымен қабылданады, оның өкілетіне МҚҰ ішкі құжаттарымен сәйкес жоғары көрсетілген сұрақты қарастыру кіреді.

93. Келісім Шартқа өзгертулер мен толықтырулар тараптардың келісуімен және жазбаша түрде қосымша келісім шартпен жасалынады.

6-тарау. Мерзімі өткен берешектермен жұмыс істеу, Микрокредиттің жіктелуі және ықтимал шығындарды анықтау

94. Қарыз алушы Микрокредитті өтеу кестесін сақтамаған кезде оған Шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбы есептеледі, ол микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес микрокредитті өтеу күнінен кейінгі күннен бастап әрбір мерзімі өткен күнге есептеледі. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, Қарыз алушының тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуге құқығы бар.

95. МҚҰ кешіктірудің 31 (отыз бірінші) күнтізбелік күнінен бастап Қарыз алушының кешіктірілген микрокредиті бойынша тұрақсыздық айыбын есептемейді.

96. Қарыз алушыда микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдері болса, МҚҰ берешекті қайтару бойынша келесі жұмыстарды жүргізеді:

- 1) SMS-ескертулер;
- 2) электронды пошта арқылы хабарлау;
- 3) телефон соғу арқылы ақпараттандыру;
- 4) Қарыз алушымен байланысу және Қарыз алушымен кәсіби сұхбат жүргізу;
- 5) сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке қарызды өндіруге беру;
- 6) несие берешектерін қайта қарау;
- 7) кепілге алынған мүлікті соттан тыс сату;
- 8) микрокредит бойынша қарыздықты сот тәртібінде төлету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұлғаларға шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа әдістерді қолдану.

97. Мерзімі өткен микрокредит бойынша талаптар құқығын үшінші тұлғаға беру МҚҰ Қарыз алушының келісімсіз жүзеге асыруға құқылы.

98. МҚҰ берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелер сыныптамасын жүзеге асырады.

99. Қорлардың мөлшерін анықтау кезінде МҚҰ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерін, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) талаптарын, сондай-ақ өз

есептік саясатын және «ХҚЕС стандарттарына сәйкес микрокредиттерді жіктеу және резервтер құру туралы» ережені басшылыққа алады.

100. Қорлардың мөлшерін анықтау мақсаттары үшін микрокредиттер жеке және ұйымдық негізінде бағаланады.

101. Жеке-жеке маңызды микрокредиттерді бағалау жеке негізде жүзеге асырылады.

102. Жеке негізде микрокредиттерді бағалау негізінде жүргізілетін шарттар мен белгілер «ХҚЕС стандарттарына сәйкес микрокредиттерді жіктеу және резервтер құру туралы» ХҚЕС ережесіне сәйкес анықталады. Жеке тәртіпте бағаланған және құнсызданудың объективті дәлелдері алынбаған микрокредиттер несие тәуекелінің ұқсас сипаттамалары бар топқа қосылады, осыдан кейін осы микрокредиттердің құнсыздануына ұжымдық негізде бағалау жүргізіледі.

103. Құнсыздануы жеке тәртіпте бағаланған және құнсызданудан болған шығын мойындалған (немесе жойындалуы жалғасатын) микрокредиттер ұжымдық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы керек.

104. Жеке құнсыздану бағасы жүргізілмеген барлық басқа микрокредиттер ұжымдық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы керек.

105. Ұжымдық негіздегі қорлардың көлемін анықтау үшін микрокредиттер Кредиттік тәуекелдерінің (біртекті Микрокредиттің қоржыны) сипаттамаларымен ұқсас топқа бірігеді, олар Қарыз алушының Шарттың талаптарымен сәйкес тиісті соманы төлеу қабілеттілігін көрсетеді.

106. Микрокредиттің біртекті топқа бірігуінің негізі болатын шарттар мен белгілер «ХҚЕС стандарттарына сәйкес микрокредиттерді жіктеу және резервтер құру туралы» ХҚЕС ережесіне сәйкес анықталады.

107. Микрокредиттер қоржынға тек алдын ала ұсыну туралы Шартымен бекітілген біртекті белгілері бойынша бірігеді. Микрокредитлендіру процесінде пайда болатын Микрокредиттің ерекшеліктері біртектіліктің белгісі болмайды.

108. Микрокредиттердің құнсыздануын бағалау, провизияларды құру жөніндегі барлық басқа процедуралар есептік саясатта және «ХҚЕС стандарттарына сәйкес микрокредиттерді жіктеу және резервтер құру туралы» ХҚЕС ережесінде сипатталған.

7-тарау. Микрокредитті өтеу тәртібі, микрокредит беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу және жабу тәртібі

§1. Микрокредитті өтеу әдістері

109. МҚҰ өтеу кестелерін есептеу кезінде қарыздарды өтеудің мынадай әдістерін қолданады: сараланған төлемдер әдісі, аннуитеттік төлемдер әдісі, баламалы өтеу әдісі.

110. Микрокредитлендіру бағдарламасы шегінде негізгі қарызды бөлек микрокредит бойынша немесе барлық қарыздар бойынша өтеу мерзімділігі МҚҰ өкілетті органымен орнатылады, оның өкілетіне МҚҰ ішкі нормативті құжаттарымен сәйкес аталған мәселені қарастыру кіреді.

111. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан ерекше болуы мүмкін.

112. Микрокредит беру кезінен бірінші жоспарлық төлем арасындағы мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспауы тиіс. Соңғы жоспарлық төлемнің күні Шартымен келісілген Микрокредит толық өтеу күнінен ерте орнатылуы қажет.

§2. Микрокредит бойынша төлем жасау тәртібі

113. Қарыз алушыға өтеу кестесімен сәйкес микрокредит бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін белгілі бір күн тағайындалады. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, Қарыз алушының тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуге құқығы бар.

114. Қарыз алушы негізгі борыш, есептелген сыйақы бойынша төлемдерді белгіленген мерзімде толық көлемде төлеуі керек.

115. Қарыз алушы Микрокредитті өтеу бойынша төлемдерді ақшалай немесе ақшасыз жолмен жүзеге асыруға құқылы.

116. Жеке тұлғамен жасалған шарт бойынша қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін келесі кезектілікпен өтейді:

- 1) негізгі борыш бойынша берешек;
- 2) сыйақы бойынша берешек;
- 3) шартта айқындалған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы;
- 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы; 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы; 6) МҚҰ орындауды алу бойынша шығындары.

Жоғарыда көрсетілген талаптар, Ереженің 66-тармағында көрсетілген Шартқа қолданылмайды.

Қарыз алушы заңды тұлғамен/жеке кәсіпкермен жеке кәсіпкерлік мақсаттарындағы жасалған шарт бойынша төлеген төлем сомасы Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін жеткілікті болмаса, Қарыз алушының берешегі келесі кезектілікте өтеледі:

- 1) орындауды алу бойынша МҚҰ шығыстары;
- 2) Шартпен анықталған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы;
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы; 6) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыш сомасы.

117. Қарыз алушы Шарт бойынша кез келген соманы төлеуді кешіктірсе (толық немесе бір бөлігін), МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыйақы мен тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтатуға құқылы. Бұл орайда, Қарыз алушы қандай да бір сомаларды төлеу жөніндегі міндеттемелерін (бір бөлігін) орындағанда МҚҰ басқаша анықтамаса, Қарыз алушының міндеттемелері тоқтатуды есепке алмағанда Шарттың талаптарына сәйкес анықталады.

118. МҚҰ-ның банктік шотына төлем есептелген немесе МҚҰ кассасына қолма-қол ақша енгізілген күні МҚҰ айлық төлемді алған, ал Қарыз алушының міндеттемесі орындалған деп саналады.

119. Микрокредит бойынша соңғы төлем кезінде Қарыз алушының Шарт бойынша ағымдағы және мерзімі кешіктірілген берешегі болмаса, МҚҰ Қарыз алушының жазбаша өтінішінің негізінде алдын ала төлем сомасын Қарыз алушыға қайтаруға міндетті. Қайтару Қарыз алушының банктік шотына/картасына ақша аудару немесе Қарыз алушыға ақша алуға арналған кодты хабарлаумен банкоматқа ақша аудару арқылы жүргізіледі.

120. Егер, Қарыз алушы жабылған келісім шартқа төлеген болса, онда МҚҰ-ы әрекеттегі келісім шартқа төлемді аударарды және бұл іс-әрекет Қарыз алушының жазбаша арызын қажет етпейді.

§3. Берілген микрокредит бойынша сыйақы төлеу тәртібі

121. Микрокредит берумен байланысты кез келген төлемдерді МҚҰ Микрокредит ұсынудан кейін және ұсыну кезінде алады.

122. Сыйақы өтеу кестесіне сәйкес Қарыз алушымен ақшалай немесе ақшасыз жолмен төленеді.

123. Микрокредитлендіру бағдарламасы шегінде сыйақыны бөлек микрокредит бойынша немесе барлық қарыздар бойынша өтеу мерзімділігі МҚҰ өкілетті органымен орнатылады, оның өкілетіне МҚҰ ішкі нормативті құжаттарымен сәйкес аталған мәселені қарастыру кіреді.

§4. Микрокредит бойынша жоспардан тыс төлем енгізу тәртібі

124. Кредиттік процесс шегінде рұқсат етіледі: 1) толық мерзімінен бұрын өтеу; 2) ішінара мерзімінен бұрын өтеу.

125. Несие берешегін мерзімінен бұрын толық өтеу есебіне Қарыз алушы енгізген ақша қаражаты жеткілікті болғанда МҚҰ Шартты жабады. Мұндай жағдайда Шарттың жабуға Қарыз алушының өтініші талап етілмейді.

126. Төлемнің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу есебіне жоспардан тыс төлемдерді жасау үшін Қарыз алушы МҚҰ ұйымына белгілі мерзімде белгілі соманы Кредиттік берешектің қалдығының бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеудің есебіне төлеу туралы жазбаша өтінішті ұсынады. Берешектің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу туралы өтінішке МҚҰ басшылығының визасы болуы қажет, сондай-ақ төлемнің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу бойынша өкілетті органмен және/немесе МҚҰ өкілетті органымен шешім қабылдау міндетті емес.

127. Берешекті ішінара мерзімінен бұрын өтеу жағдайында келесі шаралар жүзеге асырылады:

1) өтеу кестесі қайта қарастырылады: төлемнің сомасының сақталуымен несиелеу мерзімі қысқарады немесе төлемнің сомасын азаю жағына қайта есептеу кезінде несиелеу мерзімі сақталады;

2) МҚҰ Қарыз алушымен бірге Шарттың қосымша келісіміне және өтеудің жаңа кестесіне қол қояды, сонымен қатар жаңа кестенің төлем мөлшері алдағы кестенің төлем мөлшерінен артық болмауы тиіс.

128. Төлемді аудару өтеу кестесі бойынша жоспарлық сомасынан артық мөлшерде жүзеге асырылса ішінара мезгілден бұрын микрокредитті өтеу туралы жазбаша өтініш болмаса, жоспарлық төлемнен асатын сома келесі төлем периодта Микрокредитті өтеуге есептелінеді.

129. Мезгілден бұрын толық өтеуден кейін Шарттың қызметі аяқталады және МҚҰ осы тараудың §5 ескерілген тәртібімен оны жабады.

§5. Микрокредит беру туралы шартты жабу тәртібі

130. Берешекті толық мөлшерде өтеу шартында кепілге меншіктік құқығын орнататын құжаттардың түпнұсқалары Кредиттік әкімшісімен сақтау жерінен алынады және Кредиттік маманға беріледі. Кредиттік маман құжаттардың түпнұсқаларын Қарыз алушыға / Кепіл берушіге береді, сондай-ақ Қарыз алушы / Кепіл беруші Кредиттік маманға қабылданған құжаттарының тізімі туралы қолхатты береді.

131. Қарыз алушыға / Кепіл берушіге кепілге меншіктік құқығын орнататын құжаттардың түпнұсқаларын қайтарумен бірге Кредиттік маман Қарыз алушыға / Кепіл берушіге кепілді тіркеуі жүргізілген кепілге алынған мүліктен ауыртпалықты жою туралы тіркеуші органдарға бағытталған хатты береді.

132. Қарыз алушы / Кепіл беруші кепілді тіркеуі жүргізілген кепілге алынған мүліктен ауыртпалықты жою туралы тіркеуші органдарға бағытталған хатты береді. Ауыртпалықты жоюдың осы процедурасы Қарыз алушы / Кепіл беруші қаражаттарының есебінен жүзеге асырылады.

133. Қарыз алушы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындау, соның ішінде Шарт бойынша берешекті толық көлемде өтеу шартында МҚҰ Шартты жабуын жүзеге асырады.

134. Шарт жабылғаннан кейін өтелген микрокредитке сәйкес келетін Кредиттік құжаттама МҚҰ мұрағатына тапсырылады. Кредиттік құжаттаны сақтау мерзімі 10 (он) жылды құрайды.

8-тарау. Микрокредиттеуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

§1. МҚҰ құқықтары мен міндеттері

135. МҚҰ міндеттенеді:

1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушылардың / Өтініш берушілердің МҚҰ орналасқан жері бойынша, сондай-ақ жеке тұлға – Қарыз алушының / Өтініш берушінің заңды мекенжайы және заңды тұлға – Қарыз алушының / Өтініш берушінің орналасқан жері бойынша екі ресми баспа басылымында, қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат жариялау жолымен немесе өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, әрбір Қарыз алушыны / Өтініш берушіні жазбаша хабарландыру жолымен жазбаша хабардар етуге;

2) Микрокредитті беру ережелерінің көшірмесін Арыз беруші / Қарыз алушы көріп, таныса алатын жерлерде, соның ішінде, болған жағдайда, МҚҰ интернет-қорында орналастыруға;

3) Арыз берушіге / Қарыз алушыға Микрокредит алумен байланысты құқықтары мен міндеттері, Шарттың талаптары, оның талаптарын өзгерту мүмкіндіктері мен тәртібі, микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен, қайтарумен, Шарт талаптарын бұзумен байланысты барлық төлемдердің тізімі және мөлшері туралы ақпаратты беруге;

4) Арыз берушіге / Қарыз алушыға Шарт жасалғанға дейін келесі өтеу әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын беруге: әртараптандырылған төлемдер әдісімен және аннуитетті төлемдер әдісімен;

5) микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін Шарт жасағанға дейін түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын Арыз берушіге беру. Міндетті түрде МҚҰ Қарыз алушыға келесі өтеу әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға міндетті: - сараланған төлемдер әдісімен.

- аннуитетті төлемдер әдісімен;

Осы тармақшада белгіленген талаптар осы Қағидалардың 66-тармағында көрсетілген Шартқа қолданылмайды;

6) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы ісқимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

7) Шарт талаптарында және сома шегінде Қарыз алушыға микрокредит беру арқылы оны қаржыландыруға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтауға;

9) МҚҰ-ның микрокредит беру туралы шарт бойынша құқығының (талап етуінің) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шарт (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасалған кезде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін):

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ тармағында қарастырылған талаптарды, басқаға беру талабына байланысты қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;

- Келісім тармағында қарастырылғандай талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микрокредитті өтеу жөніндегі бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) шартта көзделген;

10) Қарыз алушы МҚҰ-на көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде жазбаша өтініш жасаған жағдайда жауап жазбаша нысанда беріледі;

11) тараптармен қол қойынған микрокредитті төлеу кестесін, Келісім шартқа қосымша ретінде тіркеу;

12) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген МҚҰ қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентінің шекті мәнін және есептеу тәртібін сақтауға;

13) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, МҚҰ нормативтік құжаттарымен және жасалған Шарт талаптарымен белгіленген өзге де талаптарды сақтауға.

136. МҚҰ-ы құқылы:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қамтамасыз етілген не қамтамасыз етілмеген Микрокредитті беруге;

2) Уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электрондық тәсілмен микрокредиттер беруге құқылы;

3) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыруға;

4) Шарт бойынша құқықты (талапты) келесі тұлғаларға беруге:

- екінші деңгейдегі банкке.

- коллекторлық агенттікке.

- микроқаржы ұйымына.

- секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына.

- заңды тұлға-микроқаржы ұйымы қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған немесе қарыздар алған кезде микрокредит беру туралы шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушыға;

5) SMS-ескертудің, электронды поштаға хаттардың, телефон қоңырауларының көмегімен Қарыз алушыға кредит берешегін алдағы өтеу туралы, сондай-ақ Қарыз алушыға берілген микрокредитпен байланысты басқа шараларды атқару қажеттілігі туралы Қарыз алушыға ескертуге;

6) Қарыз алушының жазбаша келісімі болғанда кредиттік бюролар және кредиттік тарихты құрастыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және талаптарда кредиттік бюро қызметін атқару құқығына лицензиясы бар кредиттік бюроларда кредиттік тарихты құрастыру үшін қажетті Қарыз алушы туралы ақпаратты беруге;

7) Қарыз алушының жазбаша келісімі болған кезде кредиттік бюролардан және басқа да ұйымдардан ақпарат сұрауға / алуға;

8) мемлекеттік органдардың және осындай ақпарат алуға нотариуспен куәландырылған сенімхаты бар Қарыз алушы өкілдерінің сұраулары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және талаптарда Қарыз алушы, микрокредиттердің мөлшерлері, Қарыз алушыға қатысты Шарттың басқа талаптары, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы ақпаратты беруге. Қарыз алушының жазбаша келісімі болғанда үшінші тұлғаға микрокредит беру құпиясын ашуға;

9) Қарыз алушының жазбаша келісімі болғанда оның жеке деректерін тексеруге және өңдеуге;

10) өз қалауы бойынша осы Ережеде көзделген тәртіппен жойып, Қарыз алушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатуға;

- 11) кредиттік бюроларға теріс ақпарат беруге, берешек 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннен көп уақытқа кешіктірілген бөлігінде кредиттік тарихтың субъектісі туралы кредиттік бюролар берген теріс ақпаратты алуға;
- 12) Қарыз алушыдан жасалған Шартқа сәйкес қабылданған барлық міндеттерді тиісті түрде орындаудан талап етуге;
- 13) микрокредит бойынша мерзімі кешіктірілген төлемдер болғанда берешекті қайтару бойынша жұмыс атқаруға, соның ішінде келесі жолдармен: - SMS-ескерту.
 - электронды пошта арқылы хабарлау.
 - ақпараттық телефон қоңыраулары.
 - Қарыз алушымен сөйлесу және кәсіби әңгіме құру.
 - кредит берешегін қайта құрылымдау.
 - кепіл мүлкін соттан тыс сағу.
 - сот тәртібінде микрокредит бойынша берешекті өндіріп алу.
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұлғаларға шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беру.
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа әдістер;
- 14) келесі жағдайларда Қарыз алушының микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуі және сыйақыны төлеуі және Шарт бойынша есептелген тұрақсыздық айыбын Қарыз алушының төлеуі бойынша шаралар қабылдауға:
 - микрокредитті мақсатсыз қолдану;
 - Қарыз алушының МҚҰ-на сыртқы кредитордан қарыз берешегінің жоқ екендігі туралы анықтаманы беру міндеттемесін 20 (жиырма) жұмыс күнінен артық мерзімге бұзуы, МҚҰ Қарыз алушыға мақсатты арналуымен микрокредит берген кезде – Қарыз алушының қарызды сыртқы кредиторда қайта қаржыландыруы;
 - Қарыз алушының микрокредит бойынша кезекті төлемді төлеу бойынша міндеттемесін 40 (қырық) күнтізбелік күннен аса бұзуы.
- 15) SMS-ескертудің, электронды поштаға хаттардың, телефон қоңырауларының көмегімен Қарыз алушыға акциялар, жаңа ұсыныстар, МҚҰ маркетингтік қызметінің шеңберінде басқа ақпарат туралы хабарлауға;
- 16) МҚҰ қолданыстағы тарифтерінде көзделген және Шартта көрсетілген микрокредитке қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар алуға;
- 17) Өтініш берушіден / Қарыз алушыдан / Кепіл берушіден (ол болған жағдайда) осы Ережемен және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалған Шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрауға;
- 18) Микрокредит беруге Өтінішті қарастыру кезеңінде Микрокредит беруден бас тартуға;
- 19) Шартты жасаудан бас тартуға;
- 20) Қарыз алушы туралы және ол жасасқан Шарт туралы ақпараттан тұратын Кредиттік дерекнаманы қалыптастыруға;
- 21) Қарыз алушының және МҚҰ алдындағы міндеттемелердің мониторингін жүзеге асыруға, соның ішінде Шартты орындауды бақылауға;
- 22) Мониторингтің нәтижесі бойынша қорытынды жасауға және оны мониторингтің нәтижесінде алынған барлық құжаттарымен қоса Кредиттік дерекнамаға орналастыруға;

23) Микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдері болса, берешекті қайтару бойынша жұмыстарды, соның ішінде осы Ережелердің 96-тармағында көрсетілген шараларды жүзеге асыруға;

24) Арыз берушінің / Қарыз алушының / Кепіл берушінің (болса) бейнесін түсіруге, сонымен қатар микрокредит беру процессін бақылау мақсатында сұхбат жүргізу кезінде аудио және бейне жазу жүргізуге, аталған әрекеттер туралы Арыз берушіге / Қарыз алушыға / Кепіл берушіге (болса) ескертілуі керек;

25) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен орнатылған шектеулері есебімен микро қаржыландыру қызметімен қатар басқа да қызметті жүзеге асыруға;

26) Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған Шарт талаптарына сәйкес басқа да құқықтар.

137. МҚҰ құқықсыз:

1) сыйақы ставкасын (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Осы Ереженің 66-тармағында көрсетілген микрокредитті кепілсіз банктік қарыздар және микрокредиттер бойынша күнтізбелік 60 (алпыс) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаларға тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде беруге;

3) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға;

4) жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді талап етуге;

5) кепілге салынған заттарды пайдалануға және оған билік етуге;

6) Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуға;

7) кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге;

8) коллекторлық агенттікпен берешегі тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуға;

9) келесі талаптардың бірі сақталған жағдайда, жарғылық капиталдарға қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұйымдарға құқықты (талап етуді) беруді қоспағанда, жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген шарт бойынша құқықты (талап етуді) беруге:

- құқықтарды (талаптарды) сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген осындай ұйымның қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

- құқықтарды (талаптарды) сатып алу Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар немесе жеке тұлғаларды қолдау жөніндегі мемлекеттік органдардың құқықтық актілері шеңберінде жүзеге асырылады . - құқықтарды (талаптарды) сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген осындай ұйымның қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

§2. Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

138. Қарыз алушы міндетті:

- 1) Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны төлеуге;
- 2) микрокредит беру туралы шешім қабылдау үшін МҚҰ сұрайтын құжаттар мен деректерді ұсынуға;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Үлгі талаптармен және жасалған Шарттың талаптарын сәйкес басқа міндеттемелерді жүргізуге.

139. Қарыз алушы құқылы:

- 1) Микрокредиттер беру қағидаларымен, МҚҰ-ның микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;
- 2) Алынған микрокредитке шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік етуге;
- 3) Егер негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күндеріне сәйкес келсе, негізгі борыш пен (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;
- 4) Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, МҚҰ-на мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;
- 5) МҚҰ-ы осы қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда үшінші жақпен келіспеушілікті реттеу кезінде банк омбудсманына жүгіну. Көрсетілген құқық жеке тұлға болып табылатын қарыз алушыға қолданылады;
- 6) МҚҰ-на көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде жазбаша өтініш жасауға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

9-тарау. Құпиялылық

§1. Дербес мәліметтер

140. Микрокредит ұсынуға Өтінішті беру кезінде Арыз беруші МҚҰ ұйымына өзінің дербес деректерін (МҚҰ қабылданған ақпараттар мен құжаттар) тексеруге және өңдеуге, нақтырақ айтқанда оларды жинақтауды, тексеруді, жүйелендіруді, сақтауды, айқындауды (жаңартулар, өзгертулер), пайдалануды, дара биліктен айыруды, оқшаулауды, жоюды жүзеге асыруға жазбаша рұқсатын береді.

141. Шартқа қол қою кезінде Қарыз алушы өзінің дербес деректерін өңдеуге жазбаша түрінде рұқсат береді.

142. МҚҰ қалауынша және белгіленген мерзімінен бұрын дербес деректерді жою арқылы өңдеуді тоқтатуға құқылы.

143. МҚҰ келесі жағдайларда жеке деректерді жоюы тиіс:

- 1) жинау және өңдеу мақсатына жету күнімен анықталған деректерді сақтау мерзімі аяқталса;
- 2) Қарыз алушы мен МҚҰ арасындағы құқықтық қатынастар тоқтаса;
- 3) сот шешімі заңды күшіне енсе; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа жағдайларда.

§2. Микрокредит беру құпиялылығы

144. МҚҰ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, микрокредит беру құпиялылығына кепілдік береді.

145. Микрокредит беру құпиялылығы Қарыз алушылар, Микрокредиттің мөлшерлері туралы, Қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы және МҚҰ операциялары туралы (Микрокредит беру ережелерін қоспағанда) мәліметтерді қамтиды.

146. Микрокредит беру құпиясы Қарыз алушыға ғана, қарыз алушы МҚҰ өзі келгенде берген жазбаша келісімнің негізінде кез келген үшінші тұлғаға, берілген микрокредиттер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиттік бюроға, сондай-ақ осы Ережелердің 147-тармағында көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.

147. Қарыз алушылар, микрокредит мөлшері туралы, Микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары туралы, МҚҰ-ның жүргізетін операциялары туралы мәліметтер:

1) қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға: олардың өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша, мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және мемлекеттік күзет қызметіне прокурор санкциясымен барлайтын және (немесе) қастық акциялардың алдын алу, ашу және бұлтартпау үшін қажет ақпараттарды ұсыну туралы олардың талабы бойынша;

3) соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;

4) мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған сот орындаушысының сот санкциялаған қаулысы негізінде олардың жүргізуіндегі атқарушылық іс жүргізу істері бойынша;

5) прокурорға: оның құзыреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру өндірісі туралы қаулы негізінде;

6) мемлекеттік кіріс органдарына салықтық әкімшілік мақсаттарында ғана:

тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша ұйғарым негізінде;
7) Қарыз алушының өкілдеріне: жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушы бойынша нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде;

8) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін 5 (бес) жыл ішіндегі кезең үшін прокурордың санкциясымен беріледі;

9) Микрокредит беру құпиясы банк омбудсманы оның қарауында жатқан, қарыз алушылардың – жеке тұлғалардың өзі бойынша талап ету құқығын осы ереженің 136 бөлім 4) тармақшасына, 137 бөлім 9) тармақшаларына сәйкес тұлғаға берілген микрокредит беру туралы шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жүгінулері бойынша ашылуы мүмкін.

148. Қарыз алушы, Микрокредит мөлшері туралы, Микрокредит беру туралы шарттың Қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары жөніндегі мәліметтер Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, осы Ережелердің 147-тармағында көзделген тұлғаларды қоспағанда, жазбаша сұрату негізінде:

1) Қарыз алушы өсиетте көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: нотариус мөрімен расталған өздері жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша оның жазбаша сұратуы негізінде беріледі. Нотариустың жазбаша сұратуына қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуі тиіс;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

149. Микрокредит беру құпиясының ашылуы болып табылмайды:

1) МҚҰ жағымсыз ақпаратты Кредиттік бюроға ұсыну және Кредиттік бюромен ұсынылатын Кредиттік тарихы субъектісінің 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнінен артық мерзімі өткен берешектері туралы жағымсыз ақпаратты алу;

2) микроқаржы ұйымдарының негізгі қарызы және (немесе) есепке жазылған сыйақы бойынша мерзімі өткен қарызы бар микрокредитке байланысты ақпаратты осы ереженің 136 бөлім 4) тармақшасына, 137 бөлім 9) тармақшаларына сәйкес тұлғаларға беруі;

3) МҚҰ коллекторлық агенттікке, осы коллекторлық агенттікпен келісім шарт шеңберінде микрокредит жөнінде ақпарат беруі;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасындағы ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтермен алмасу;

5) қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама жіберу кезінде растайтын құжаттар мен материалдар ретінде мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының немесе МҚҰ-да басқару функцияларын орындайтын тұлғаның микрокредит беру құпиясы бар құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы.

10-тарау. Қорытынды ережелер

150. Осы Ережелер несие қоржынының құрылымындағы өзгерістердің, МҚҰ қызметінің қаржылық нәтижелерінің, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың өзгеруінің есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық

жағдайындағы және қаржылық нарықтарының конъюнктурасындағы өзгерістердің есебімен өзгертіледі және толықтырылады.

151. Ішкі Кредиттік саясат және МҚҰ процедуралары микроқаржылық ұйымдардың әрекетін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнама талаптарынан шығады.

152. Атқару міндеттеріне микрокредиттермен жұмыс істеу кіретін МҚҰ қызметкерлері осы Ережелермен, сондай-ақ микроқаржылық ұйымдардың әрекетін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнама талаптарымен толық жете танысуы қажет.

153. Осы Ережелермен көзделмеген өзге жайттар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Бекітілген
«R-Finance» МҚҰ» ЖШС
Жалғыз қатысушының
№23-1 «01» тамыз 2020 ж.
Шешімімен



«R-FINANCE» МҚҰ» ЖШС МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР

НҰР-СҰЛТАН 2020 ж.

«R-Finance» МҚҰ» ЖШС жалғыз Қатысушының 2020 жылдың мамырдың 12-сі бекітілген «R-Finance» МҚҰ» ЖШС Микрокредит беру туралы Қағидаларының Микрокредит беруге қойылатын талаптар 2 тараудың, Қарыз алушыға қойылатын талаптар 1 параграфына келесі өзгерістер енгізілсін:

6 пункттің 2 тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«2) Жеке тұлғалар:

- Қазақстан Республикасының резиденттері;
- тұруға рұқсаты бар шетелдік азаматтар;
- егер бағдарлама бойынша басқа талаптар қойылмаса, Өтінішті ресімдеу сәтінде жасы 18-ден асқан және 65-тен аспаған тұлғалар;
- тұрақты табыс көзі бар;
- аталған табысын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын\ зейнетақы жрналарын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді тұрақты аударатынын растауға мүмкіндік бар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ету қабілеттілігі шектелмеген».

УТВЕРЖДЕНЫ
Решением Единственного участника
ТОО «МФО «R-Finance»
от «01» августа 2020г. №23-1



**ИЗМЕНЕНИЯ
В ПРАВИЛА ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ
МИКРОКРЕДИТОВ
ТОО «МФО «R-FINANCE»**

НУР-СУЛТАН 2020 г.

В Правила предоставления микрокредитов ТОО «МФО «R-Finance», утвержденные Решением единственного Участника ТОО «МФО «R-Finance» от 12 мая 2020 года, в параграф 1 Общие требования к Заемщикам главы 2 Общие требования к микрокредитованию внести следующие изменения:

подпункт 2 пункта 6 изложить в следующей редакции:

«2) Физические лица:

- резиденты Республики Казахстан;
- иностранные граждане, имеющие вид на жительство;
- в возрасте старше 18 лет и не старше 65 лет на момент оформления Заявления, если иное не предусмотрено программой;
- имеющие стабильный источник дохода;
- имеющие возможность подтвердить данные доходы регулярными перечислениями пенсионных взносов в единый накопительный пенсионный фонд/ пенсионными и социальными выплатами из Государственной корпорации «Правительство для граждан»;
- не ограниченные в дееспособности согласно законодательству Республики Казахстан».

Бекітілген
«R-Finance» МҚҰ» ЖШС
Жалғыз қатысушының
№40 ~~04~~ ж. желтоқсан 2020 ж.
Шешімімен



«R-FINANCE» МҚҰ» ЖШС МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР

НҰР-СҰЛТАН 2020 ж.

«R-Finance» МҚҰ» ЖШС жалғыз Қатысушының 2020 жылдың мамырдың 12-сі бекітілген «R-Finance» МҚҰ» ЖШС Микрокредит беру туралы Қағидаларының Микрокредит беру тәртібі 3 тараудың, Микрокредит беру туралы шарт жасау тәртібі 5 параграфына келсі өзгерістер енгізілсін:

61 пункт келесі редакцияда баяндалсын:

«61. Микрокредит беру туралы шарт мәміленің жазбаша нысанына Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389- бабында көзделген тәртіпте, «Заң газета» газетінде, сонымен қатар [www. r-finance.kz](http://www.r-finance.kz) сайтында қазақ және орыс тілдерінде жарияланған, «R-Finance» МҚҰ» ЖШС Микрокредит беру туралы Қосылу шарттың стандартты талаптарына қосылу арқылы жасалады».

МҚҰ Қарыз алушы (Қосымша қарыз алушыға) микрокредитті Қосылу шартының стандартты талаптарымен және Шартпен бекітілген тәртіпте береді. Қосылу шарты мен Шарт бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды. Шартта және Қосылу шартында қолданылатын «шарт» ұғымы Шарттың мазмұнында, сондай-ақ Қосылу шартының мазмұнында бірдей қолданылады.

63 пункт келесі редакцияда баяндалсын:

«63. Шартта тиісті түрдегі шарттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар, тараптардың келісімі бойынша анықталған талаптар, сондай-ақ мынадай міндетті талаптар бар:

- 1) шарттың жалпы талаптары;
- 2) қарыз алушының құқықтары;
- 3) ұйымның құқықтары;
- 4) ұйымның міндеттері;
- 5) ұйым үшін шектеулер;
- 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 7) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және (немесе) кепілмен және (немесе) заңнамада немесе шартта көзделген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілдерімен қамтамасыз етілмеген микрокредит бойынша берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі.

Шарттың жалпы талаптары:

- 1) шарттың жасалған күнін;
- 2) ұйымының атауын және қарыз алушының (тең қарыз алушының) - жеке тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болса) немесе қарыз алушының (тең қарыз алушының) - заңды тұлғаның атауын;

- 3) микрокредиттің сомасын, кредит желісін ұсыну (ашу) туралы келісім үшін - микрокредиттің жалпы сомасын, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметті (бар болса);

- 4) микрокредиттің өтеу мерзімін, кредит желісін ұсыну (ашу) туралы келісім үшін - шарттың жалпы мерзімін;

- 5) Шарт жасалған күнгі сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен көрсетілген мөлшерін немесе сыйақы мәнін (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда), сондай-ақ Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшерін. Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шартта қосымша сыйақы мөлшері және микрокредит бойынша артық төлем сомасы көрсетіледі;

- 6) микрокредитті өтеу тәсілін: бір уақытта не бөліктермен, қолма-қол ақшамен - касса не электронды терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен - ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;

7) микрокредитті өтеу әдісін (аннуитеттік, дифференциалды, не микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес басқа әдісті);

8) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;

9) негізгі борыштың уақтылы өтелмегені және сыйақының төленбегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібін және мөлшерін;

10) қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді (ол бар болса) орындауын қамтамасыз етуді;

11) қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда ұйым қабылдайтын шараларды;

12) шарттың қолданылу мерзімін;

13) ұйымның пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (ол бар болса) туралы деректерді;

14) ұйым шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулердің қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты қамтиды».

Решением Единственного участника

ТОО «МФО «R-Finance»

от 26 декабря 2020г. №40



**ИЗМЕНЕНИЯ
В ПРАВИЛА ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ
МИКРОКРЕДИТОВ
ТОО «МФО «R-FINANCE»**

НҮР-СУЛТАН 2020 г.

В Правила предоставления микрокредитов ТОО «МФО «R-Finance», утвержденные Решением единственного Участника ТОО «МФО «R-Finance» от 12 мая 2020 года, в параграф 5 Порядка заключения договора о предоставлении микрокредита главы 3 Порядка предоставления микрокредита внести следующие изменения:

пункт 61 изложить в следующей редакции:

«61. Договор о предоставлении микрокредита заключается с учетом требований гражданского законодательства Республики Казахстан к письменной форме сделки, также в соответствии со статьей 389 Гражданского Кодекса Республики Казахстан путем присоединения к стандартным условиям Договора присоединения о предоставлении микрокредита ТОО «МФО «R-Finance», опубликованным на казахском и русском языках в газете «Юридическая газета», а также на сайте www.r-finance.kz.

МФО предоставляет Заемщику (Созаемщику) микрокредит в порядке, установленном стандартными условиями Договора о присоединения и Договором. Договор присоединения и Договор являются неотъемлемыми частями друг друга и составляют единый документ. Понятие «договор» применяемое в Договоре и Договоре присоединения, относится как к содержанию Договора, так и в равной степени к содержанию Договора присоединения».

Пункт 63 изложить в следующей редакции:

«63. Договор содержит условия, установленные законодательством Республики Казахстан для договоров соответствующего вида, условия, определенные по соглашению сторон, а также следующие обязательные условия:

- 1) общие условия договора;
- 2) права заемщика;
- 3) права организации;
- 4) обязанности организации;
- 5) ограничения для организации;
- 6) ответственность сторон за нарушение обязательств;
- 7) порядок внесения изменений в условия договора.

Договор о предоставлении микрокредита, не связанного с осуществлением предпринимательской деятельности, сумма которого превышает сто месячных расчетных показателей, содержит порядок досудебного урегулирования задолженности.

Общие условия договора содержат:

- 1) дату заключения договора;
- 2) наименование МФО и фамилию, имя и отчество (при его наличии) заемщика (созаемщика) - физического лица или наименование заемщика (созаемщика) - юридического лица;
- 3) сумму микрокредита, сведения о цели использования микрокредита (при наличии);
- 4) сроки погашения микрокредита;
- 5) размер ставки вознаграждения в процентах годовых или значение вознаграждения (в случае заключения договора, указанного в пункте 3-1 статьи 4 Закона РК «О микрофинансовой деятельности- далее Закон), а также размер годовой эффективной ставки вознаграждения (реальной стоимости микрокредита), рассчитанной согласно пункту 1 статьи 5 Закона, на дату заключения договора.

Договор, указанный в пункте 3-1 статьи 4 Закона, дополнительно содержит значение вознаграждения и сумму переплаты по микрокредиту;

6) способ погашения микрокредита: единовременно либо частями, наличными деньгами - через кассу либо посредством электронных терминалов, при безналичном способе - с указанием реквизитов банковского счета МФО;

7) метод погашения микрокредита (аннуитетный, дифференцированный, либо другой метод в соответствии с настоящими Правилами);

8) очередность погашения задолженности по микрокредиту;

9) порядок начисления и размер неустойки (штрафа, пени) за несвоевременное погашение основного долга и уплату вознаграждения;

10) обеспечение исполнения заемщиком обязательств по договору (при его наличии);

11) меры, принимаемые МФО при неисполнении либо ненадлежащем исполнении заемщиком обязательств по договору;

12) срок действия договора;

13) информацию о почтовом и электронном адресе МФО, а также данные о ее официальном интернет-ресурсе (при его наличии);

14) условие, предусматривающее, что при уступке МФО права (требования) по договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям кредитора с заемщиком в рамках договора, распространяются на правоотношения заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование)».